

Түркістан облысы Сарыагаш ауданының Дарбаза, Құркелес, Жартытөбе және Тегіспіл ауылдық округтерінің шекараларын өзгерту туралы

Бірлескен Түркістан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 19 маусымдағы № 135 қаулысы және Түркістан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 13 маусымдағы № 38/412-VI шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментіне 2019 жылғы 27 маусымда № 5106 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабына сәйкес, Түркістан облысы Сарыагаш ауданының әкімдігі мен мәслихатының бірлескен ұсынысын ескере отырып, Түркістан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Түркістан облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. Түркістан облысы Сарыагаш ауданының Дарбаза, Құркелес, Жартытөбе және Тегіспіл ауылдық округтерінің шекаралары:

1) Көктерек кентінің әкімшілік шекарасына Құркелес ауылдық округінен көлемі 1093,2 гектар, Жартытөбе ауылдық округінен көлемі 152,58 гектар жер бөліктерінің қосылу жолымен;

2) Дарбаза ауылдық округінің әкімшілік шекарасына Құркелес ауылдық округінен көлемі 8060,05 гектар жер бөліктерін қосу жолымен;

3) Тегіспіл ауылдық округінің әкімшілік шекарасына Құркелес ауылдық округінен көлемі 66,68 гектар жер бөліктерін қосу жолымен өзгертуілсін.

2. "Түркістан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен қаулы мен шешімді аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен қаулы мен шешімді мемлекеттік тіркелген күннен бастап құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бірлескен қаулы мен шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен қаулы және шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Облыстық мәслихат

Ә. Шөкеев

*сессиясының төрагасы
Облыстық мәслихат хатшысы
Қ.Қ. Айтмұхаметов
Ә.Е. Тұрғымбеков
Ж.Е. Аманбаев
М.И. Мырзалиев
М.Н. Отарбаев
Е.Ә. Садыр
А.Б. Тасыбаев
А.А. Абдуллаев*

*С. Бекенов
Қ. Балабиев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК